



«Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі» КМҚК

Әдістемелік баяндама

**Тақырыбы: “Актер шеберлігі,
биомеханика жүйесі бойынша тренингтер”**

Оқытушы: Төлеубаев Д.Ш

«ӘМҚ және ХКШ» циклдік
комиссия отырысында қаралды
№36 хаттама «__»_____2019 ж.
ПЦК төрайымы _____Шаяхметова Г.А..

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

I. Актер шеберлігі және биомеханика жүйесі бойынша тренингтер

1.1 В.Э.Мейерхольд және биомеханика жүйесінің пайда болуы.....

1.2 Актер ойынының методикасы және биомеханика жүйесі бойынша жасалатын тренингтер.....

Кіріспе

Театр тарихын зерделеп, тереңінен қазбалап қарар болсақ, сонау грек кезеңінен, яғни V ғасырдан бастауын алған болатын. Сол уақыттың ұлы драматургтері мен сол ғасыр кезеңіндегі танымал актерлердің есімдері бізге дейін сақталып жеткен. Оған дәлел ретінде грек елінің алып үш драматургінің еңбектерін айта аламыз. Олар театр өнерінің дамып, өсіп-өркендеуіне үлкен үлестерін қосты. Оны біз әр драматург кезеңіндегі сахналық пьеса желісінің күрделенуінен және де қойылымдар мен сахна құрылысының өзгерістерінен байқай аламыз. Осыларды ескере отырып сол уақыттан бастап әр драматург пен актер өз ісіне жауапкершілікпен қарап, сахна формалары мен актерлік тәсілдерді ойлап тапқандарын байқаймыз. Соның арқасында театр саласы жан-жақты дами бастады. Яғни театрдың басты құралдары ол драматург және актер ғана емес режиссерлер мен театр тарихшыларыда пайда болды. Театр өнерінің қай кезеннен бастау алғанын теоретик Аристотельдің бізге жеткен еңбектері арқылы білсек, ал енді театрдың қандай жағдайда дамығанын, қандай бағытта жұмыс жасап, қандай драматургтер мен актерлердің жұмыс атқарғанын кейінгі театр тарихшылары мен актерлердің қолжазбаларынан көре аламыз.

Сол секілді басқа ғасырларда да театртанушылар өз заманындағы театр хәл-ахуалын мақалалар мен еңбектері арқылы жазып қалдырып кеткен болатын. Бірақ өкінішке орай театр өнері саласында сыншылар мен тарихшылардың аз болуы, ал кей аймақтарда кеш дамуына байланысты, көп жағдайда қазіргі кезде театр өнерінің дамуына аса қажетті мәліметтер бізге режиссерлер мен актерлердің қолжазбалары, мақалалары және актерлердің рольмен жұмыс жасауы, не болмаса жаңашылдық іздеу барысындағы өздерінің эксперименталды студияларының қалай дамығандығы және сахнадағы репетиция барысындағы процесстің дамуының сәттерін мұқият зерттеп жазып кеткен еңбектері арқылы білеміз.

Осының барлығын айта отырып бүгінгі таңда осы еңбектердің алар орнының үлкен екенін көреміз. Себебі бұл жазылған жұмыстар театр өнері жолында жүрген әр актер мен режиссердің шығармашылық жолда өсіп-дамуына және жалпылама айтқанда театрдың және театр мамандарының өз ғасырында шығармашылық шыңды бағындырып, театр өнерін көтеруіне әсерін тигізбей кетпес.

Бұл еңбектер қазіргі таңда жас актер мамандарға тереңнен теориялық және практикалық бағытта оқытылынып іске асу үстінде. Солардың ішінде кенінен тараған К.С.Станиславский, Вл.Немирович-Данченко, М.О.Кнебль, А.М.Чехов және В.Э.Мейерхольд т.б. актерлер мен режиссерлердің қалдырып кеткен тренингтері мен техникалары әлі күнге дейін пайдаланылуда. Соның ішінен біз өзінің бағытын тауып, театр өнеріне жаңа форма еңгізіп, актер ойынын басқаша түсіне және түсіндіре білген В.Э.Мейерхольд еңбектеріне тоқталсақ.

Бұл баяндамада В.Э.Мейерхольд және оның актер ойынында қолданылатын биомеханика еңбегі жайлы ой қозғау.

Тақырыптың өзектілігі: В.Э.Мейерхольдтың биомеханика жүйесінің қаншалықты қазіргі таңда театрда маңызды екенін жеткізу болып саналады. Себебі театрдың жан-жақты болуына және өзінің ерекше формада қалыптасып дамуына осы бағыттар мен жүйелер қажет екенін көре аламыз.

Зерттеу нысаны болып театр саласының дамуына өзіндік ерекшелігі мен маңыздылығы бар В.Э.Мейерхольдтың биомеханика ілімін аламыз.

Ғылыми баяндаманың мақсаты: В.Э.Мейерхольд және оның биомеханика жүйесінің дамуы және тақырыпты кеңінен ашу.

Осы мақсаттан туындайтын міндеттерге:

- В.Э.Мейерхольдқа байланысты мәліметтердің қазақ тілінде жоқтығы. Яғни бұл еңбек арқылы В.Э.Мейерхольдтың өмірбаяны және биомеханика жүйесінің қазақ тілінде жазылуы.
- Биомеханика жүйесіне нақты тоқталып оның пайда болуы жайлы айту.
- Актер өнерінің тәсілдері жайлы мәліметтерді қалдыру.
- Биомеханика жүйесінің жұмыс барысында қолданылу тәсілдері мен жүйеге байланысты жасалған тренингтерін ашу.

Тәжірибеге енгізілуі Осы айтылған мәліметтер мен ойлар әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағандықтан, жас режиссер және актерлердің көзқарастарымен қазіргі заманмен ұштастырып жаңа формада сахнаға осы жүйені қайта әкеліп, пайдаланылса жақсы болар еді.

Зерттеу құрылымы кіріспеден, негізгі бір тараудан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттерден тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

I. Актер шеберлігі және биомеханика жүйесі бойынша тренингтер

1.1В.Э.Мейерхольд және биомеханика жүйесінің пайда болуы

Всеволод Эмильевич Мейерхольд (шын есімі Карл Казимир Теодор Мейергольд) 1874 жылы 28 қаңтарда Пенза қаласында, лютерандық неміс отбасында, сегізінші бала болып дүниеге келген. 1895 жылы Пенза қаласындағы екінші ерлер гимназиясын бітіріп Мәскеу қаласындағы Заң университетіне түскен болатын. Осы кезеңнен бастап В.Э.Мейерхольдтің өміріне жаңа өзгерістер орын алып, өнер жолына аяқ басалды. Оның бастамасы 1896 жылы Владимир Немирович-Данченконың жетекшілігіндегі "Музыкалық-театр" училищесіне екінші курсқа көшкен сәтінде ауыстырылады. Сол уақыттан бастап ол өзінің актерлық шеберлігін шыңдап, актерлік әдіс-тәсілдерді және теориялық білімді тереңнен меңгереді. Студенттік кезіңнен өзінің зерек ойы мен көқарасы арқылы ерекшеленіп көптеген рольдерді сомдайды. 1898 жылы Всеволод Мейерхольд оқуын басқа түлектер қатарлас бітіріп шығады. Мейерхольдпен сол кезде Ольга Книппер және Иван Москвин де бітірген еді. Бірден сол жылы енді ашылып келе жатқан МХТ театрының труппасына қосылып бірге жұмыс атқара бастайды. Ол 1898 жылы 14 қазанда, жаңа театрдың театрдың шымылдығын ашқан "Царь Фёдор Иоаннович" спектакліне қатысып Василий Шуйскийдің ролін сомдады. Осыдан кейінде оның актерлік жолда өсіп-дамуына үлкен үлес қосқан спектакльдер мен рольдері көбейе түсті. Ленинград қаласында қойылған М.Чеховтың "Шағала" спектаклінде Треплевті сомдаса, 1901 жылы "Апалы-сіңілілер" қойылымында Тузенбахтың ролі бұйырған болатын.

Осынша еңбектерден кейін 1902 жылы Мейерхольд та басқа актерлермен бірге МХТ-дан кеткен болатын. Біраз уақыттан кейін Мейерхольд студияға оралып ГВРЫМ жоғары мемлекеттік режиссерлік шеберлік класстарына қатыса бастады. Сол уақыттан бастап ол өзінің режиссерлік жұмыстарын қолға ала бастады. Кейін "ГВРЫМ" атауы өзгертіліп оған "ГИТИС" аты берілді. Ол осы жерде өзінің шәкірттерімен жұмыс жасап кейіннен сол шәкірттері Мейерхольд театрының негізінің қалануына үлкен үлестерін қосты.

Осы жас студияда Мейерхольдтың-биомеханика жүйесі қалыптасып, өркенін алған болатын. Бірақ тағы бір ескерер мәліметтердің бірі, ол жүйенің негізі студияға дейін қалыптасқанын көреміз.(Мейерхольд өзінің жүйесін Император театрында жұмыс жасап жүрген сәтте Бородинск деп аталатын жердегі студиясын ашқан болатын, сол сәттен бастап комедия бағытындағы dell'arte, испан театры мен қытай және орыс балаған театрларының жанрын және актер техникасын тереңнен зерттеп қана қоймай практикада қолдана

білді.) Мейерхольд ескі театр тәсілдерін жаңа методикалық тәсілдермен үйлестіріп сахнаға сай етіп шығарды.

Мейерхольдтың педагогикалық еңбектерін зерттеген ғалым Ю.М.Красовскийдің айтуынша, Мейерхольд актердің еркін және эмоциялық сәттерін актердің көркем образ жасауына қарай бағыттайтынын, бірақ актердің жеке эмоциясына және өмір сүруіне аса қатты еркіндік бермейтінін баса айтқан. Ол актерлерден "ұсынылған тосын жағдайда мағыналы баға беруді" талап еткен және сол жайытқа байланысты актердің қарым-қатынасын қалыптастыруғы тырысқан; ол актердің жеке тұлға ретінде қалыптасып, "көркем образдарды елестетіп" өз кейіпкерінің еркін суретшісі болғанын қалаған.

Э.Гарин өзінің кітабында: "Физикалық жаттығулар барысы өте қызу өтетін: гимнастика, бокс, фехтование, акробатика, станок, классикалық би және халық билері, ритмикалық гимнастика және ең бастысы "биомеханика". Оған қоса біз дауыс қою, вокал, сахна тілі және тыныстық кідірістердің дұрыс қойылуы, метр мен ритмның айырмашылығын меңгерумен де терең айналысып меңгеретінбіз. Мейерхольд осы жасалған жұмыстары арқылы бізді сырттай және іштей ритм мен музыканы сезінуді дамытты.

Биомеханика тәрбиелік мәні бар жүйелердің бірі. Ол жүйе жаңа адамды тудыру арқылы тек сахнаға ғана емес, сонымен қатар өміргеде тәрбиелейді."

Тағы бір биомеханикаға берілген бағалардың бірі ол Арватовтың айтқан ойы: "Сахналық ойын және эстетика, биомеханика жайлы не айтсада... бұның барлығы актердің сыртқы әрекетінің және сөйлеу мәнерінің қалыптасуына үлкен үлесін қосады. Іс-әрекеттің ықшамдалуына, психофизиканың дамып адаммен бір болуына биомеханика алғаш болып бүкіл әлемді үйретуге тырысты және қоғамның білікті мүшесі болғысы келсе оны әр адамның меңгеруі қажетті. Сондықтан да биомеханика театр өміріндегі биік шыңдардың бірі. Биомеханиканың арқасында біз өнердегі ұйым мен өмірдегі ұйым арасындағы байланысты жалғай аламыз."

Соңғы кездері бұл жүйе тек физикалық бағытта ғана жұмыс атқаруда, яғни спорт, гимнастика, станок, классикалық билер т.б. Бірақ осының зардабынан актер тек техникамен ғана жұмыс жасап кейіпкердің жанын ұмытып кетіп жатыр.

Мейерхольдтың Теофизика жоспарында, спорттық жаттығуларды зерттеп қолдана отыра театрдың жаңа жүйесі ретінде енгізу болып саналады, бірақ бұл ұғымдар театрға деген көзқарастарды төңкеріп тас-талқанын шығарып тастардай болып көрінеді.

1.2 Актер ойынының методикасы және биомеханика жүйесі бойынша жасалатын тренингтер

Мейерхольдтың ГВРМда алғаш алған сабағы анализ жасау және актердің үлкен Кокленнің актер тұлғасының екіге бөлінуін бойына сіңдіру болды. Оның ойынша актер тек қана кейіпкер тудырушы емес, сонымен қатар ол материал тудырушы болып есептеледі. Материал ретінде актерге "өзінің түрі, тәні және өмірі" ғана қажет деген. Сонымен бірінші "мен" образды ойластырушы, ал екінші "мен" оны іске асырушы болып табылады. Актер кейіпкерін толық ашып, меңгеріп болмайынша, оның бірінші "мені" екінші "меніне" әсерін тизгізіп, өз-өзін толық басқа адамға айналдыру процесінің іске аспау қаупі бар.

Бұл жерде барлығын бақылап тұратын бірінші "мен" басқаруы қажет. Себебі ол-жан. Ал екінші "мен" тән. Біріншісі-сана болса екіншісі оған бағынушы құл. Неғұрлым бірінші "мен" басымырақ болатын болса, соғұрлым кейіпкер суретшісіде жоғары болады.

Актер ойыны формуласының екі жоспары: $N=A_1+A_2$, N тұрған жер-актер, ал A_1 ол жетекші конструктордың ойы, ал материалға (тән) тапсырманы орындаушы A_2 ге мақсат береді.

Мейерхольдтың ойынша бұл формула актердің естеліктері арқылы кейіпкер сезімін оятуы кейіпкердің автобиографиясын құру процесіне кедергі болады. себебі актердің қиялы мен елестету процесін тоқтатып жалаң сезімдерге ғана ерік беріп кету мүмкін деп санаған.

Мейерхольд "іштей" ойнау және "тебіреніс" сезімдеріне құрылған методикаларын мойындамады. Ол екі методта актердің денсаулығына психофизикалық тұрғыдан зиян деп ұққан. Себебі екі әдіс те әр уақыт допинг пен "наркоз" жағдайына енуі талап етіледі, сондықтан ол өзінің "биомеханика" жүйесін оларға қарсы қойды. Ол актерлерден сыртқы суреттің нақты орындалуын, физикалық іс-әрекеттің және дене ракурстарының дәлдігін талап етті. Мейерхольдтың ойынша сыртқы форманың арқасында дұрыс эмоциялық аффектілер пайда болады деп санаған. Актер тәнінің физикалық қалпы оның дауыс интонациясы мен эмоциясын анықтап береді деген.

Мейерхольдтың актер өнеріне байланысты сұрақтары педагогикадағы жаңа пунктерінің бірі дінді жою және шамандық бағытында қарастырылды. Осыдан өткенді зерттеу және сол әдіс-тәсілдерді нақтылау ал кейін актерлік практикада пайдалану болып саналды.

Мейерхольдтың ойынша "актердің қажетті қасиеті бұл қоздырғыш рефлексі болып есептелінді. Қоздырғыш-бұл сезімнен туатын рефлекс, бір сөзбен айтқанда сыртқы қимыл-қозғалыстың негізі (ол автордан, режиссерден, актердің өзінен) туындау мүмкін және қажет қабілет." Актер ойынының негізін қобалжудың көріністері құрайды деп санаған.

Режиссер соған орай келесі мына мысалды келтірді: қорқынышты суреттейтін актер, бірден қорқынышты көрсетпеуі қажет (және сол қобалжу) кейін жүгіру керек, тек алдымен (рефлекс), ал сосын қорқыныш сезімі оянуы керек.

Басқалай айтар болсақ "қорқынышты тебіреніс сезімінен өткізудің қажеті жоқ, керісінше оны физикалық тұрғыда сахнада анық көрсете білуі қажет."

Актер техникалық жағынан толық қаруланған, профессионалдық тұрғыдан өте сауатты, мәдениетті болуы қажет. Ол өз өнерінің әріптерін және ортақ амплуаның бастапқы әріптерін жатқа білуі қажет. Актер ойынының техникасын ортақ байланыстырушы құрал – ол амплуалар болып есептелінеді.

Бұл техникалардың өсіп, дамуы үшін арнай жаттығулардың болуы талап етіледі. Мейерхольд "биомеханика" жүйесін аяғына дейін жасап, арнайы жаттығуларды ұсынды.

Жаттығулар жүгіруден басталды, себебі студенттер сол арқылы "электрлік" реакцияларын дамытып-сырттан келген тапсырмаларға жедел жауап беріп тұрды.

Жай жүрістер мен жүгіру студенттің физикалық әрекетін жұмсартуы арқылы, студенттің басына су толтырылған ыдысты қойсан немесе қолына ұстатып жүгіртсен, жүргізсен су жан-жаққа шашырамайды. Себебі бұл жерде студенттер өздерінің денелерін меңгеріп физикалық тұрғыда жеңіл әрі икемді қалыпқа келеді. Осы тренингтер (жаттығуларды) меңгерген студент этюд жасауға рұқсат ала алатын.

Этюдтар ешқандай затты қолданылмай жасалатын, сол арқылы студенттер ашық алаңды толтырып, өзін сол алаңда еркін сезінуді, топт асып жұмыс жасауды, сол жерде жасалатын әр жестің маңыздылығы мен балансты сақтауды меңгеретін. Мысалға бір қол арқылы немесе жест арқылы бір неше ойды көрсетіп жеткізуге тырысу секілді тәсілдерді жатқызуға болады. Анығырақ айтқанда: бір саусақты көтеру арқылы денедегі барлық организмді іске қосуы болып саналды.

Студенттерге кез-келген қимылға "бас тарту белгісі" берілетінін есте сақтауы қажет болды, оны- "алдын ала" (преджест) деп атады. Студент артқа қарай бұрылыс жасау арқылы артындағы оғын алады. Студент кез-келген алдын-ала немесе қимылдың өзімен жасалатын сәтте бүкіл фигурасымен (денесімен) "сүйемелдейлі."

Сондай-ақ музыка терең зейін қойылды: "актер музыканың ырқына емес, музыкамен жұмыс жасауы қажет" делінді. Сол сәтте уақыт пен кеңістікті бір-бірімен байланыстыру үлкен проблема болып саналды. Себебі уақыт пен кеңістікті байланыстыру үшін дәлдікті, абсолютті уақытты, дәл есептеп, қимыл жасауды талап етті.

Мейерхольд биомеханика неғұрлым еркін және шынайы әрекеттерден құралуы қажет деп санады, ал балетпен шұғылдану театр бағытының өзгеруіне әкеліп соғады. Себебі балет қайткенменде өзінің өзгермес ізін қалдыратынын ескерген болатын.

Режиссер биомеханика жүйесінің объективті стилі мен әдет-ғұрыптарынан аулақ болуын қамтамасыз етуге барынша тырыссып соған қарай жұмыс жасады.

Азапқа толы аһ ұруды беру үшін тебіреніп қиналағаннан қарағанда, бір шапалақ арқылы беріп барлығын сендіруге болады дген.

Денең экспрессивтілігінің маңыздылығы мен мүмкіндігін мысал ретінде би-ба-бо қуыршағын пайдалану арқылы көрсеткен. Әр түрлі саусақтарға тағылып іс-әрекет жасаған қуыршақ, әр ракурсқа өзгеріп, құбылып басқа эффектерді беріп тұрады. Және біз түріміздің немесе мимикамыздың өзгерісіне қарамай, маскамен ойнаған жағдайда да денеміздің қимылына қарап ақ кейіпкердің жасаған әрекетіне қарап оның көңіл күйін ұға аламыз. Мысалға біздің бетімізде күліп тұрған маска болғанымен басымыз төмен түссе қайғыруды, ал егер қолымызды жоғары көтеріп секіре болсақ қуанышты көре аламыз, ал басымызды кері шалқайту арқылы мақтаныш пен кеудесін көкке көтерген кейіпкерлерді көреміз. Маска-фигура мимика арқылы, саналы түрде, ұтымды пайдаланылса әр түрлі көңіл күйді көрсете алады. Оның айтуынша "Осы немесе басқа қалыпты қабылдап тұрған денемнің сырттан қалай көрінетінін және қалай ұстауым қажет екенін мен жақсы білетінмін. Ол үшін өзіңнің дененді зерттеп жатқа білуін қажет" Актердің бұл қабілет-қасиетін Мейерхольд "самозеркалить" деп атаған болатын.

Мейерхольд көрерменнің спектакльге деген қарым-қатынасын олардың (шу, қимылы, күлкілері) арқылы білуге болады деп санаған.

Өздеріңіз білетіндей Станиславский шәкірттерін көрерменнің бұндай әрекеттеріне көңіл аудармай, ескермеуге үйретіп, өзін төртінші қабырғамен қалай қоршау керек екендігін көрсетіп және айтып кеткен болатын. Станиславский Мейерхольд пен оның труппасындағы актерлеріне сын көзбен қарап, олардың методикаларына қарсы болған. Станиславский өзінің хаттарының бірінде: "Ол әрдайым өзі шынайылыққа жете алмағандықтан, қолынан келгенше "биомеханика" жүйесінің арқасында кем-кетігін жауып жүруге тырысады."

Қорытынды: Мейерхольдтың актер ойынына қатысты биомеханика жүйесі параллельді ерекшелігі басым конструктивизм тұжырымдамасына құрылған жұмыс болды. Мейерхольд конструктивизмнен "уақыттың талабын" көре тұра оған саналы түрде барып, қолданды. Мейерхольдтың айтуынша "Конструктивизм суретшіден инженер болуды талап етті. Өнер ғылыми түрде зерттеліп қалыптасуы керек, ал барлық суретшілер шығармашылықтарын саналы түрде іске асыруы қажет." – деген болатын.

Бұл көз қарастар тек полемикалық емес, ынта-жігердің қабаттасуынан тұрады. (олар идеализацияланған, қазіргі таңдағы зұлымдықпен сай келеді. Сол кездегі Мейерхольд (1920 жылдан 1922 жылға дейін) өзінің театрын құрып қана қоймай, сахналық әрекеттің экспрессивті формаларын іздеп, сахналық тәжірибені оқытумен ұштастыра отырып оларды түсінуге және түсіндіруге тырысты. Ол өмірді құруға бағытталған "театрлық қазанның" шабыттандырушысы мен тәжірибешісі.

Қолданылған әдебиеттер:

- В.Э.Мейерхольд "Статьи, письма, речи, беседы"
К.Л.Рудницкий "Режиссер Мейерхольд"
Г.В.Титова "Творческий театр и театральный конструктивизм"
Д.Золотницкий "Мейерхольд"
И.Ильинский "О себе"
Э.Гарин "С Мейерхольдом"
М.А.Валентей "Встречи с Мейерхольдом"
А.Гладков "Мейерхольд"
А.Анастасьев, Г.Бояджиев, А.Образцова, "Советского театра"